

ҚАЗАҚ ПЕН ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ «ӘКЕ МЕН БАЛА» АЙТЫСЫ

Қ.Б. ЖАЛҒАСБАЕВА*

А.Е. КУСАНОВА***

Түйіндеме. Айтыс – ежелден келе жатқан ұлттық құндылықтарды, ел өмірін, тарихи тұлғалар мен олардың елге жасаған игі істерін, тарих аясындағы түрлі ірілі-ұсақты оқиғаларды ұрпаққа жеткізуші әдеби мұралардың бірі. Айтыс – екі ақынның суырыпсалма талантына негізделген сөз өнері. Бүгінгі таңда айтыс түрлерінің ішінде әке мен бала арасындағы айтыс түрі кең танылып келеді. Бұрын-соңды айтыс тарихында кездеспейтін әке мен бала айтысының өзіндік ерекшелігі – жаңашылдығы мен халыққа ерекше қызықты болуында. Бұрын соңды әке мен бала арасындағы айтыс түрі қазақ айтыс дәстүрінде бұрын көп кездесе бермейтін тың үлгі болып табылады. Осыған сәйкес, мақалада түрік және қазақ халықтарындағы әке мен бала айтысының көрінісін қарастыру мақсаты көзделді. Қазақ халқында әке мен бала айтысы қазіргі заманғы айтыстың көркем үлгісі көрсете білген Айтақын Бұлғақов пен баласы Жандарбек Бұлғақовтың айтысы қарастырылса, түрік халқында XIX ғасырдың аяғында өмір сүрген атақты Шенлік ақын мен ұлы Қасым ақын арасындағы айтыс көрінісінен үзінді келтіріп талдау жасалды. Бұл айтыстың ерекшелігі отбасылық құндылықты дәріптей отырып, әке мен бала арасындағы рухани байланысты көркем сөзбен жеткізетін ерекше өнер туындысы ретінде бағаланады. Зерттеу нәтижесінде айтыс өнерінің түркі халықтарына ортақ ерекшеліктері қарастырылып, қазақ және түрік халықтарының айтыс үлгілерінде кездесетін әке мен бала айтысының көрінісі сипатталып, өлең үзінділері жан-жақты талданды.

Кілт Сөз: *Айтыс, Әке Мен Бала Айтысы, Жыр Додасы, Қазақ Айтысы, Түрік Айтысы.*

The 'Father and Son' Aitys of the Kazakh and Turkic Peoples

Abstract: Aitys is one of the literary heritages that has long served to convey national values, the life of the people, historical figures and their good deeds for the nation, as well as various significant and minor events within history to future generations. Aitys is a form of verbal art based on the improvisational talent of two poets. Today, among the various types of aitys, the form between father and child is becoming increasingly recognized. This form of aitys—a dialogue between father and child—has not been commonly found in the history of aitys before, making it unique for its novelty and for capturing the public's interest in a special way. Accordingly, this article aims to explore the depiction of father and child aitys in both Turkish and Kazakh cultures. In Kazakh tradition, the aitys between Aitakyn Bulgakov and his son Zhandarbek Bulgakov is analyzed as a modern and artistic example. In Turkish tradition, an excerpt and analysis are provided from the aitys between the famous poet Şenlik, who lived at the end of the 19th century, and his son Kasım. This form of aitys is especially valued as a unique artistic expression that not only promotes family values but also poetically conveys the spiritual bond between father and child. As a result of this research, the common features of aitys in Turkic nations were examined, and the father-child dynamic in the aitys examples from Kazakh and Turkish cultures was described and analyzed through selected poetic excerpts.

Keywords: *Aitys, Father-Son Aitys, Poetry Contests, Kazakh Aitys, Turkish Aitys.*

Қазіргі таңда айтыс жанры түркі халықтарының арасында ерек ше көркем әдебиетке айналды. Айтыс жанрындағы шығармаларда ұлт басынан өткен түрлі қуанышты сәттер мен қиын-қыстау кезеңдер, маңызды тарихи оқиғалар сипатталып, дәстүрлер сабақтастығы мен ұлттық құндылықтар айшықталады.

Зерттеушілер айтыс жанрының нақты қай кезде пайда болғаны туралы тұжырымды пікірлерді анық айта алмайды. Бұл туралы 1966 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Айтыс» кітабының үшінші томында былай жазылған: «Қазақ ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы болған айтыс жанрындағы шығармалардың өзіндік үлесі мен орны, өрлеуі мен даму тарихы бар. Әлем әдебиетінің тарихы революцияға дейінгі айтыс жанрының дәстүрі әр халық арасында әртүрлі деңгейде дамығанын көрсетеді. Ежелгі Шығыс (үнді, иран, араб), Орта Азия халықтары мен ортағасырлық Еуропа мемлекеттерінде (француз, неміс, славян) айтыс интеллектуалдық (шешендік) жарыстың бір түрі ретінде дамығаны белгілі. Айтыс тарихының ұзақ эволюциялық жолын іздестіру,

* PhD, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті Алматы, Қазақстан kanagat_qyzpu@mail.ru
ORCID: 0000-0002-9482-4400, 0000-0001-7353-5215

**** PhD, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті Алматы, Қазақстан.
ORCID: 0000-0001-7353-5215

оның даму үрдісін зерттеудің өзі үлкен мәселе. Ол туралы нақты пікір айту немесе ой тұжырымдап, топтастыру, саралау бір күннің, бір жылдың шаруасы емес» [1].

М.Әуезов: «Айтыстың бірінші түрі – салт-дәстүр, екінші түрі – ақындар айтысы» [2] – деп, «бәдік», «жар-жар» шығармаларын салт-дәстүр айтысына, ал екінші түріне рулық, сырлы, діни және әлеуметтік шығармаларды жатқызған. Сондай-ақ, ғалым: «Өз кезегінде сенімді айтысты поэзияға әбден бойлаған, бірден ұзын-сонар өлеңдерге салып, әр тақырыпты жырлайтын, шымырлататын импровизаторлық шеберлігі жоғары ақындар ғана пайдаланады» [2], - деп атап өтеді.

Айтыс – қазақ халқының ауызша жырының бір түрі. Айтыс өнері өзге де түркі халықтарында кең таралған. Импровизациялық қойылымдар қырғыз (айтыш) және башқұрт (әйтеш) халықтарының арасында да танымал. Бішкек пен Ош қалаларында қазіргі уақытқа дейін жыл сайын Орталық Азияның түкпір-түкпірінен қатысушылар келетін ұлттық және халықаралық ақындар айтысы өтеді. Қырғыз ақындары елдің саяси өміріне жиі араласады, тіпті сайлауда кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстарына да қатысады.

Біз қарастырып отырған айтыс жанрының ішіндегі әке мен бала айтысы түркі халықтарының бәрінде бірдей кең таралмаған. Бүгінгі таңда қазақ және түрік халықтарының арасында әйгіленген әке мен бала арасындағы айтыс үлгілерін қарастырамыз.

Түрік халқының айтыс жанры сонау ертеден бастау алады. XIX ғасырға дейін айтыс өнері туралы жазба деректер жоқтың қасы. Ақындар айтысы түрік әдебиетінде XIX ғасырда пайда бола бастады. Бұрынғы жылдары айтыс өнері туралы жазба деректер болмағандықтан, халық арасында оның бар екендігін дәлелдейтін айғақ жоқ [3].

Ғалым М.Жармұхамедұлы: «Қазір Түркияда да айтыс жанры бар. Оны «Атышмалар» деп атайды. Тақырыптың өзі айтқандай, бұл поэтикалық сайыс атыс пен жауласудың мағынасын көрсетеді. Дәстүр бойынша сахнаға үш ақын шығып, бірі домбыраның сүйемелдеуімен ақындар мүшәйрасын бастайды. Кәдімгі тәртіп бойынша бірінші ақын қасында отырған қалған екі бақталас ақынды қатты сынап, мінез-құлқын, кемшілігін, т.б тізбелейді. Қалған екі ақын да сол тәртіпті ұстанады.

Әрқайсысының осы кемшіліктері мен өзіндік ерекшеліктері ойнақы ән шығару үшін қолданылады. Сырттай қарағанда бұл үш ақын суретшіге ұқсайды. Сондай-ақ, көрермен тақырыпты тандап, ақыннан сол тақырыпты жырлауын сұрай алады. Кейде аудитория тақырып ретінде жұмбақ ассонантты үлгіні ұсынады. Бұл белгілердің импровизаторлық дәстүрге лайық екенін ескерсек, түрік озандарының көне айтысының көптік сипаты бар екенін көреміз» [4], - деп атап өтеді. Осылайша, ғалым қазақ және басқа түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасына айналған айтыс жанрының ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы өз пікірін ұсынады.

Белгілі түрік ғалымы У.Гюнай: «Түрік халықтарының әдебиетінде айтыс жанрын «атышма» деп атайды. Ал, айтыстың алғашқы үлгілері халық әдебиетінің байырғы түрлерінің нәтижесінде қалыптасқанын байқауға болады. Қара теңіздің аумағында «атма» деп аталатын дәстүрлі халық әндері кең таралған» [5], - деп жазады.

Түрік халқының әке мен бала айтысының кең танылған үлгісі ретінде бауырлас халықтың айтыскер ақыны Шенлік пен оның ұлы Қасым ақынның сөз тартысын атап айтуға болады. Түрік халқының әкелі-балалы айтыскерлерінің тағы бір жұбы ақын Гүлүстан Чобаноғлы мен оның ұлы ақын Мұрат Чобаноғлы. Түрік халқы әкелі-балалы айтыскерлердің қызықты тартысын тамашалағанды жақсы көреді. Ел ішінде айтыс түрлерінің ішіндегі әке мен бала айтысының ұйымдастырылып, халықтың әкелі-балалы ақындарды жыр додасына түсуге жиі шақыруы дүйім жұрттың айтыс өнеріне деген құрметі мен әке мен бала арасындағы айтысқа деген үлкен қызығушылығын айғақтаса керек.

Түрік нұсқасындағы әке мен бала айтысының өкілдері Түрік әдебиетінен — XIX ғасырдың аяғында өмір сүрген атақты Шенлік ақын мен Қасым ақынның арасындағы айтыс өлеңінің туындау себебінің өзі қызықты оқиғаға құрылған. Қасым жастайынан әкесі Шенліктің айтыскерлік талантына куә болып, әкесінің түрлі жиындар мен өлең додаларына түсіп, суырыпсалма қабілетін паш еткен сәттерін тамашалап өседі. Іштей әкесінің өнеріне деген тамсану мен құрмет сезімдері Қасымның да айтыскер ақынға айналуына мұрындық болады. Шенлік ақынның өнері өз баласына да қанмен дарыса керек. Қасым ақынның әке жолын үлгі етуі, әке сөзін жаттап өсуі оның болашағы мен өмірлік серігіне айналған айтыскерлік өнерге ие болуына үлкен әсерін тигізеді. Әкесі жоқ жиындар мен той-думандарда сөздің мәйегін келтіріп, отырған жұртты отты жырларымен қыздыратын Қасым ақынның талантына ел-жұрт та қаныға бастайды.

Күндердің бірінде күтпеген жағдай орын алады. Шенлік ақын қатысқан бір жиында ел-жұрт Қасым ақынды алдап-сулап, әкесімен айтысуға көндіреді. Сол кезде Қасым ақын орнынан тұрып, қолындағы музыкалық сазды аспабын жүйдектете жөнеледі. Әкесінің жалт-жұлт етіп, өзіне қадалған көзқарасына да елең етпей, сөз тізгінін қолына алып, тілінің түйінін ағытып, орағыта жөнеледі. Ал әке мен бала арасындағы жыр додасының соңында әкенің таланты баласынан үстем болып, Қасым ақын айтарға жауап таппай қалады. Изетті ұл әкесіне жол береді. Сөзінің қорытындысын өз қателігін түсініп, ұяла-қызара әкесінен кешірім сұраумен аяқтаған Қасым ақынның бұл әрекетінен әкесіне деген құрметі мен сыйластығын аңғаруға болады. Десе де, Қасым ақынның: «қанша тентек болса да, әр әке өз баласына түсіністік танытып, кешіріммен қарауы керек», - деген ойы әке мен бала арасындағы байланыстың тереңдігін, туыстық қарым-қатынастың өзіне тән ерекшелігін айқындайды. Тиісінше, Шенлік ақын ұлының әбестік деп таныған қылығын кешіріп, әкелік мейірімін танытады. Төменде Шенлік ақын мен ұлы Қасым ақын арасындағы айтыс көрінісінен үзінді келтірдік [6].

Түрікше нұсқасы:

Қасым:

*«Ahbaplıh êtmezeh aşnalıh olmaz
Dinniyeñ ağalar şad olur gülmez
Baba da oğlun gusruna galmaз
Niye töhmet êdip meni gınarsan.
Âşık Şenlik Ve Oğlu Kasım» [6].*

Қазақшаға аударғандағы тәржімасы:

Қасым:

*«Достық пен жақындық болмаған жерде, жарастық та болмайды,
Діндарлар өздеріне бақыт тілегенмен, күлмейді,
Әке мен ұл ешқашан бір-біріне зиян келтірмейді,
Неге маған ашуланып, мені қинайсың?» (аударған Қ.Б.)*

Бұл жолдардан Қасым ақынның әкесіне жеткізген ойының түп төркіні әке мен бала арасындағы достық, жақындық олардың өзара жарастығын тудыратынын, әке мен баланың ешқашан бір-біріне жамандық, зияндық ойламайтынын, ең жақын адамдар арасындағы реніштің екі тарап үшін де қиынға соғатынын түсіндіру мақсатын көздегенін көруге болады.

Айтыс додасының келесі жолдарынан ұлдың әкесіне деген мақтаныш сезімімен қатар, өзін әкесіне мойындату мақсаты жатқанын аңғарамыз.

Қасым:

*«Ақындар арасында сен бір ерекше тұлғасың,
Өзіңді ғана тыңдатып, басқаларды елеусіз қалдырасың,
Қол ұстасу арқылы бәрі зор болмақ емес,
Сен ғана өнерлі емессің, басқалар да бар, сенен бөлек» (Қ.Б.)*

Түрік акындары ішінде өзіндік беделі мен орны бар Шенлік акынның айтыс додасына түскенде өзгелерді шаң қаптырып, бар өнерін ортаға паш ететін дарыны ұлына да үлгі, мақтаныш. Десе де, баласының айтпағы, Алланың берген өнері, бағы тек жалғыз адамда болмайды, ол өнер, тума талант өзгелерге де қонады, өзгелердің өнерін мойындау да ерлік дегенге саяды.

Ұлының бұл сөздеріне Шенлік акын да ұтқырлықпен жауап береді.

Шенлік:

*«Қауіпті жерде тұрғанда, қатты масайрама,
Биікке көтерілгенде бәрі төңкеріліп кетуі мүмкін,
Өміріңе қауіп төнсе, бармағыңды тістерсің,
Өмір бар жерде өлім бар, оны ұмытпа!» (Қ.Б.)*

Бұл жолдар әкенің ұлына айтқан насихатын сипаттайды. Кез келген адам баласы сөзіне де, ісіне де жауап береді. Ойланбай айтқан сөз адамды орға жығуы мүмкін. Әр істің атқарылатын өз жері, әр сөздің айтылатын өз орны болады деген әке ақылына ұлы өз байламын ұсынады.

Қасым:

*«Барлық акындар мені жеңе алмайды,
Қарғаның күші сұңқарға жете ме?
Саған удан да ащы сөз айтайын,
Сазды лақтырып, орныңнан түссең, бәрі өзгерер».*

Қасым акынның өз талантын жоғары бағалап, әкесінің өнерінен де биік өнерге ие екендігін танытқысы келген бұл ойын әкесі қатты сөкпей, өзінің орамды ойымен жұмсақ түсіндіруге тырысады.

Шенлік:

*«Мен ешқашан төменге түспеймін,
Ақындық өнер мен үшін бәрінен биік,
Саған қатты сөздер айтар едім,
Алайда, ақындық әлемнің биігіне көтерілсең, өзің де түсінесің».* (Қ.Б.)

Өнер адамдарының бәріне тән қасиет – өнердің шын бағасын терең түсініп, қастер тұтуы. Бағына айналған ақындық өнерін ешнәрсеге айрыбастамайтынын, өз дарынымен қол жеткізген өнер биігін ешқашан аласартпайтынын әрі өнер әлемінің өзіне тән қиындығын осы жолмен жүрген адам міндетті түрде басынан өткеретіндігін айтқан Шенлік акынның бұл жауабы жекуден гөрі, әке ақылына көбірек ұқсайды.

Қасым:

*«Мен жаһангермін, әлемде менің ықпалым бар,
Мен ашуланған кезде бәрі тоқтайды,
Мен аждаһамын, ашуланғанымда күшім өте зор,
Мен күшейгенде, менің күшімнен бәрі солып қалады».* (Қ.Б.)

Қасым акынның түрлі көркемдегіш құралдарды шебер қолданып, метафоралық сипаттау құралына жүгініп, өзін аждаһаға теңегені ақындық қуатына нық сенімділігін байқатады. Бұл жыр додасында қалайда жеңіске жетуді қалаған акынның айтыскерлік екпінін айқын байқаймыз.

Ұлының өнерін жетік білетін әкенің де өз амалы бар. Ұлына ақындық өзінен берілгенін түйсінетін әке әлі де болса баласының талантын жону мақсатында былай дейді:

Шенлік:

*«Тізгінсіз жатқанды шынжырмен ұстай алмайсың,
Адам мен жануардың айырмашылығын ұқпайсың,
Маған қарсы шықпа, қыңырланба,
Ақылыма құлақ ассаң, сонда бәрі күрт өзгерер».* (Қ.Б.)

Әкесінің ойын түсінсе де, өзін бәйгедегі сәйгүліктей сезінген Қасым ақын өліспей, беріспейтінін анық аңғартады:

Қасым:

*«Менің әскерім мен жолымдағы кедергілерді жеңе алмайсың,
Мен қорғандарды бұза алмаймын, бірақ қарсы тұра аламын,
Қатты боран мен суықта да ешқашан тоқтамаймын,
Аяқ-қолым қатып, еңсем түскенде мені жеңесің».* (Қ.Б.)

Шенлік ақынның Төмендегі жауабынан ұлының табандылығын байқап, баласына айтқан тағы бір ақылын көреміз. Өмір тек жеңістен ғана тұрмайды. Жеңіс бар жерде, жеңіліс бар. Жылу бар жерде суық аяз бар. Сәтсіздіктің өзі өмір заңы, одан қашып құтыламын деген адам қателеседі деген ойды көреміз:

Шенлік:

*«Сәтсіздіктер өмірдің заңдылығы,
Әлемде жаңа қас-дұшпан үнемі табылады,
Егер қатты боранда сыртқа шықсаң, үсіп қалуың мүмкін,
Бәрі де адамның өз іс-әрекетінің қарымы».* (Қ.Б.)

Әкесінің бұл жолғы жауабынан кейін Қасым ақын өзінің жеңілгенін мойындап, жеңіс жолын әкесіне қалдырады. Сондай-ақ, айтыста жеңіске жету жолында айтылған сөздері мен әкесінің ықтиярынсыз сөз додасына шыққанына кешірім сұрайды.

Ұлының ізетін көрген әкенің де жүрегі жұмсарып, кешірім танытады. Соңғы сөзінде де Шенлік ақын әкелік насихатын тілге тиектейді.

Шенлік:

*«Не айтамын саған, айналаңдағы дос-жауыңды бағамда,
Әр айтқан сөзің жүрегіме жетті,
Мені ұстаз көріп, ақылыма құлақ түрсең,
Менің насихатыммен жолыңнан адаспассың».* (Қ.Б.)

Әке мен бала айтысының бұл нұсқасынан түрік халықтарына тән үлкенді құрметтеу, діндарлық, әкені сыйлау, әкенің әр айтқан сөзін берік ұстану сынды ерекшеліктерді байқаймыз.

Қазақ айтысымен салыстырғанда түрік айтысының басты ерекшелігі – рифмалық ассонанс. Оның түрік айтысындағы маңызы зор. Түрік айтысы құрылымдық жағынан ерекше ережелер мен қатаң қағидаларға негізделген, алдын ала белгіленген белгілі бір шеңберде қалыптасқан десек те болады. Оны әке мен бала айтысына негізделген Шенлік-Қасым ақындардың айтысынан да аңғарамыз. Мәселен:

*«Esnemiş ner kimi hasım güderem
Cenge salar dal gaddini budaram
Seni sağlığına pēşman ēderem
Öz ölümün indi öziin arasan»* [6], (Қ.Б.)

жолдарындағы «güderem», «budaram», «ēderem» сөздері рифмалық ұйқаспен шебер құрылған.

Түрік айтыстарында сөз тізгінін алған алғашқы ақын белгілі бір тақырыпта өлеңін өрнектесе, екінші ақын да сол тақырыпқа сәйкес өлең шығаруы керек. Бұл ереже түрік айтысының ассонанттар айтысы, ассонанттар жарысы сияқты көрінетінін көрсетеді. Бұл ретте түрік айтысында екі ақын да төрт-ақ шумақ өлеңмен қызу диалог құра алады. Демек, айтыста да көлем өлшенеді, сондықтан айтыскерлер өз сұрақтары мен жауаптарын бір шумақпен қысқа да нұсқа, тұжырымды етіп беруі керек. Бұл бұзылмайтын ереже және түрік ақындары бұл қысқалықта жақсы деп айтуға болады.

Қазақ халқының айтыскер ақындарының ішінде әке мен бала арасындағы айтыстың үздік үлгісін көрсеткен әйгілі әкелі-балалы айтыс дүлдүлдері – Айтақын Бұлғақов пен Жандарбек Бұлғақовтар. Ақындардың әке мен бала болып ең алғаш

айтысқан жыр додасы 2010 жылдың наурыз айында өтті. Әкесі мен баласының өлең өрнектері арпалысқа түскен қызыққа толы сөз сайысы көпшілік қауымның ықыласына ие болып, дүйім жұрттың назарына ілікті. Қазақ айтыс өнерінің дарынды тұлғасы, айтыс жарыстарында оқ бойы озық тұрған белді айтыскердің бір өкілі – Айтақын Бұлғақов. Өзінің шығармашылық жолында айтыс өнерін дәріптеп, суырыпсалма сөз өнерінің дамуына өзіндік үлесін қосқан Айтақын ақынның айтысқа қосқан сүбелі еңбегі – өзі секілді дарынды айтыскер шәкіртін тәрбиелеп шыққаны. Ол шәкірті – ақынның ұлы Жандарбек Бұлғақов. Әке жолын қуып, айтыс өнеріне ден қойған Жандарбек оқушы кезінен айтыс өнеріне қызығушылық танытып, түрлі айтыс жарыстарына қатысып, жүлделі бірінші орынды иеленеді. Әкесінен қанмен берілген дарынды өткір пышақтың жүзіндей қайраған басты адам да әкесі болды.

Талантты әке мен дарынды баланың айтысын қалың жұртшылықтың сүйсіне тамашалауы қазақ халқының айтысқа деген терең ілтипаты мен шексіз құрметін танытады. Өлеңмен өрнектелген айтыс жанры арқылы халықтың мұң-мұқтажы мен қоғам мәселелері жырланады. Айтақын Бұлғақов пен Жандарбек Бұлғақовтың арасындағы әке мен бала айтысы да келелі мәселелерді қозғаған үздік айтыс үлгісіне айналды.

Айтақын Бұлғақов пен Жандарбек Бұлғақовтың айтысынан үзінді келтірсек:

Айтақын:

*«Жай сөзді мен айтпаймын жайдақтаған,
Ақынмын қара сөзден қаймақты алған.
Ортаң ой тастауға келіп тұрмын,
Құлынымды ертіп ап ойнақтаған.
Баламмен жағаласты демеңіздер,
Хабардар болсаңыздар жай-жапсардан.
Әйтпесе, бұл Айтақын доңыз емес,
Ашығып өз торайын шайнап салған.
Бұл дағы қоғамның бір қасіреті,
Баласын әкесіне айдап салған» [7], -*

Бұл жолдарда Айтақын ақын өзін ақын ретінде өнер биігіне көтерген халқына сәлем беріп, өз ұлымен додаға түскелі тұрғанын ескертеді. Әке мен бала айтысы қазақ айтысының тарихында бұрын-соңды болмаған айтыс екенін аңғартып, бұл тың нәрсеге халықтың да сөкеттік танытпай, түсіністікпен қарауын сұрайды.

Келесі жолдарда ақын «жас Бұлғақов» деп, бар назарын ұлына аударып, «көрерменді өнеріңмен таңғалдыр», - деп батасын береді. Ұлына деген мақтаныш сезімін де жасырмайды:

*«Он үшінде сөйлеген елдің сөзін,
Әкеге ұл өсіру рас бір бақыт.
Өзіңдей бөлтірігім аман болсын,
Азар болса тайстайды-ау қасқырды атып» [7].*

Әкесінен сөз кезегін алған Жандарбек ақын болса «дәу Бұлғақов» деп, сөзін асқаралы әкесіне деген сәлемдесу ілтипатынан бастап, үлгі тұтар әкесімен айтыс додасына түсудің өзі үлкен бақ екенін атап өтеді.

Жандарбек:

*«Бүгінгі айтыс ерекше айтыс боп тұр,
Әйтеуір бағаны әділ беріңіздер.
Айтыстың тоқтауына байланысты,
Отбасылық айтысты көріңіздер.
Әкеден алушы едім тынбай тәлім,
Өйткені өнегесін шын байқадым.*

*Бұрын соңды басымда болған емес,
Тығырыққа тірелген мұндай шағым» [7], -*

деген жолдарда ақын отбасылық айтыс болғалы тұрған ерекше айтыста әділ бағаны халықтың беретінін әрі үлгі-өнегесін алып, тәлімін тыңдап өскен әкесімен айтысудың өзі үшін қиын емтихандай болып тұрғанын тілге тиектейді.

Ал төмендегі жыр жолдары Жандарбек ақынның жас та болса суырыпсалма дарын екенін айқын аңғартады:

Жандарбек:

*««Алыссаң, атаңды жық» деген бар ғой,
Сол сөзбен өз-өзімді жұбатам мен.
Құнанбайға сын айтқан Абай құсап,
Ой жарысып көрейін ұлы атаммен.
Күн көсемнің тұсында сіз туыпсыз,
Армандас боп Брежнев «братанмен».
Нұр көсемнің тұсында мен туыппын,
Арайлап азат атқан құла таңмен.
Сүйегі қаусап кеткен компартия,
Қай бетімен алыспақ Нұр Отанмен» [7].*

Ескі мен жаңа заманның артықшылығы мен кемшілігін ашу мақсатын көздеген әке мен бала айтысында бөлтірігінің өзін тістей сөйлеген бұл сауалына айтыстың сырттанына айналған Айтақын ақын да жүйелі жауабын береді:

Айтақын:

*«Ол заманда оқу деген тегін болған,
Октябрдің таңдайы тақылдаған.
Тегін барып демалып артегіне,
Пионерлер костер жаққан лапылдаған.
Серке адамдар сертіне берік болған,
Өтірікті судай қып сапырмаған.
Банктер кредитке қарыз болып,
Халықты белшесінен батырмаған.
Дәрігерлер халықты тегін емдеп,
Аурулар ақша іздеп аң ұрмаған.
Халықтың келешегі, қазынасы –
Сәби де шет елдерге сатылмаған.
Қай заманның жақсы екенін осыдан-ақ,
Ажыратып алады ақылды адам» [7], -*

деп, кеңесті кекетуге құмартқандардың назарына өткен заманның артықшылықтарын тізімдеп, жаңа заманның кемшіліктерін тайға таңба басқандай айқын аңғартып береді.

Ал өзін әкесінің артынан ерген бөрі санаған Жандарбек ақын кеңестік кезеңнің тегін дүниелері мол болғанымен, қазақ халқына тигізген зарары аз болмаған келте саясатын сипаттайды. Орысқа отар болған жылдарда олардың жиырылған жыландай жаныңды мұздататын жымысқы әрекеттерін ауыр сынайды:

Жандарбек:

*«Ұлтымның көп бастайтын зиялысын,
Жау санап атып, айдап, асқан еді.
Дінді апын санайтын большевиктер,
Маркс пен Энгельстің әскері еді.
Құран бетін ашпастан, бастарына,
Маркстың капиталын жастап еді.*

*Атам маймыл, шешеміз шимпанзе деп,
Шежіре таратқаны масқара еді.
Шошқа майы, шайтанның шайы менен,
Оразасын орысша ашқан еді.
Құран, Алла, Пайғамбар естен шығып,
Күнә бар ма сол кеңес батырмаған.
Бір күнде бес шақыру былай тұрсын,
Жетпіс жылда бір азан шақырмаған.
Емдеуде бәрі тегін болғанменен,
Өлгенде жаназасы оқылмаған» [7], -*

деп, бағзыдан иманы кәміл болған мұсылман қазақтың жартысын шоқындырып, жартысын атеист қылған соқыр саясаттың сұмдығын санамалап, нағыз ақылды адам кеңестік кезеңді аңсамаса керекті деген ойын білдіреді. Бүгінгі жаңа заманның, тәуелсіздік жылдарының береkesін де қалыс қалдырмайды:

Жандарбек:

*«Балаңның өткен күнге өші бар, ә,
Тұлпардың қызып келед аты жаңа.
Бала саны көбейіп осы күні,
Қазақтың келе жатыр көші дара.
Бұл дағы азаттықтың жемісі зой,
Берекеңнің бұрылса беті жаңа» [7].*

Ұлын шабысы қатты құлагерге, шынға біткен шынарға теңеген Айтақын ақынның сөз саптау шеберлігі де көптің таңдайын қақтырмай қоймағаны анық. Жаратқаннан балаларының амандығын тілейтін әкенің елдің мұң-мұқтажын жырлайтын он балаға татитын ұл тәрбиелегені көпке үлгі, ақын әкенің өзі үшін мақтаныш. Өзін - шаңыраққа, балаасын – керегеге теңеген әке ендігі кезекте ұлына қызықты сауал тастайды:

Айтақын:

*«Бір кездегі бала Абай Құнанбайға,
Өзінің ойын айтып келеді екен.
- Әке, сізден оздым зой білім алып,
Сізден менің зейінім зерек екен.
Деген сөзге Құнанбай ашуланбай,
Жауабын салмақтырақ береді екен.
-Құлыным, Құнанбайдай болу үшін,
Абайдай бала таптыр, деген екен.
Бір сауал тағы саған мен тастайын,
Білімің менікінен бөлек екен.
Бұл айтыста сен жеңдің бе, мен жеңдім бе?
Екеумізді сынаған өлең екен.
Көп алдында көрейін сауал тастап,
Бұған енді Жандарбек не дер екен?» [7].*

Әкесінің бір жағы өзіне деген іштей мақтанышын сезінген, екінші жағы ақын ретінде жауап беруге тиісті сауалына ойланған Жандарбек ақын бұл омақаса сауалдан да сүрінбей өтеді. Керегедей керіліп, елдің сөзін сөйлеуді өзіне мақтаныш санаған жас ақынның әкесін жеңсе де, әкесінен жеңіліс тапса да өзіне үлкен мәртебе, тәжірибе болғанын білдірген Жандарбек ақын былайша көсіледі:

Жандарбек:

*«Әкемнен жеңілсем де осы айтыста,
Шешемнің күйеуінен жеңілмеймін.
Мінекей, біздің айтыс тәмам болды,*

*Батпаққа тастамассың балаңды енді.
 Жеңдім бе, жеңілдім бе, біле алмадым.
 Әйтеуір шайқасуға шама келді.
 Айтақын өз баласын жеңді зой деп,
 Біреу іштен дауысын саған берді.
 Бұл айтыста өзімді емес, сізді де емес,
 Ардақтап айтпаймын ба анамды енді.
 Бір емес, екі ақынды баптап жүрген,
 Әкетай, бұл айтыста мамам жеңді» [7], -*
 деп, айтыстың әдемі нүктесін қояды.

Осылайша, түбі бір түркі халықтарына ортақ айтыс өнерінің ішіндегі әке мен бала айтысының қазақ және түрік халықтарында кездесетін өлең нұсқаларын талдай отырып, екі халықтың да ұлттық менталитетінде үлкенге деген құрметтің, кішіге деген ізеттің көрініс табу мысалдарына көз жеткіздік. Ұлттық өнердің жарқын үлгісіне айналған айтыс жанрының отбасылық құндылықтарды, әке мен баланың туыстық байланысын, әке мектебінің берік іргетасын, бала үшін үлгі болатын асқаралы әке тұлғасының қандай маңызды рөл атқаратынын айқындаған әке мен бала айтысының жаңашыл айтыс түрі екендігі және өзара құрметке құрылып, оралымды ойға негізделген мәнді-мағыналы жыр додасының құндылығы айқындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Айтақын мен Жандарбек Бұлғақтың айтысы. [Электронды ресурс]. –URL: <https://newskz.wordpress.com/2010/04/20/> (Қаралу уақыты: 22.02.2025)
- Айтыс. – Алматы: Жазушы, 1966. – 3 т. – 620 б.
- Қазақ әдебиетінің тарихы. – Т.1: Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 2008. – 812 б.
- М. Жармұхамедұлы Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұратас, 2001. – 293 б.
- Günay U. Dogu Karadeniz Bölgesinde Atna Türkü Geleneği // I. Uluslar arası Türk Folklor Kongresi Bildirileri. – Ankara: Kültür Bakanllgl Yayınlanç – 1976. – pp. 73-85.
- Günümüz aşıklık geleneğinde atışma ve atışma örnekleri / Yüksek lisans tezi hazırlayan Oğuzhan Aydın tez danışmanı doç. Dr. İbrahim Dilek. – Ankara, 2010.
- Yardımcı M. (2021) Başlangıcından Günümüze Halk Şiiri – Aşık Şiiri – Tekke Şiiri. – Ankara: Ürü Yayınları. – 389 p.

